

24004

МУХАМЕДИЯ
ЖҰМАҒАЛИЕВ



ГҮЛДӘУРЕН

Аяулы анам Рахима Қожах-
метқызына ескерткіш.

Автор.





МҰХАМЕДИЯ ЖҰМАҒАЛИЕВ

ӨЛЕҢДЕР



«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ,

Алматы — 1981

024004

Жұмағалиев Мұхамедия.

Ж 87 Гүлдәурен. Өлеңдер.— Алматы: Жазушы, 1981.— 88 бет.

«Гүлдәурен» — жас ақын Мұхамедия Жұмағалиевтің екінші жыр жинағы. Кітапқа оның туған жер, түлеген тың, жастық шақ, махаббат жайлы өлеңдері енгізілді.

Каз2


Ж 70700—028 79—81 4702230200
402[05]81

© «Жазушы» — 1981

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
АЛМАТЫ АҚПАРАТ-КІТАП ҚОҒАМЫ
АЛМАТЫ АҚПАРАТ-КІТАП ҚОҒАМЫ
АЛМАТЫ АҚПАРАТ-КІТАП ҚОҒАМЫ
АЛМАТЫ АҚПАРАТ-КІТАП ҚОҒАМЫ

БІРІНШІ БӨЛІМ

Тың далам —
туған далам



Тұрса-дағы ақланың қалай үдеп,
Перзентіңнің жатқанда талайы кеп,
Елейін бе суықты,
Мен де келем
Аязыңмен тыныстап алайын деп.

Қүдіреті бар сенде
 бір күйдің сергек,
Жер жәннатын көңілге түйдім сен деп.
Сақарам-ау!
Мен саған сапар шегем
Самалыңа бетімді сүйдірsem деп!

...Жан сырымды жалғанға санама тек,
Дамылдаймын мен ылғи далама кеп.
Жолым түспей кетсе егер,
Алаң болам —
Туған далам тосырқап қала ма деп!

ТҮЛЕГЕН ТЫҢ

Жаңғырып,
 қайта түледі
Қазақтың байтақ даласы.
Жері бар әсем,
 гүл — өңі,
Аңқыған жұпар ауасы.

Әжімге толы тақырдың
Кеудесі бүгін жыртылған.
Мыңдаған жылдар ақының
Бұл жерді
 асқақ жыр қылған.

Жүйрікпен жортсаң далада,
Жұлдыздай зулап аққайсың.
Қайрылма артқа,
 қарама
Бөгесін бұдан таппайсың.

Кеңістік.
Жасыл жазықтық.
Осыдан артық не керек!!
Қазақтың әні —
 жарықтық
Құлақтан кетпес керемет!

Аттанып, міне, барамын,
[Өңір — гүл,
 қазір өмір — нұр]
Көңілде —
 жыры даланың,
Көзімде —
 қыры көгілдір.

Жаңа әуен алып
 ағынды
Кеудеден шалқып ұшты әнім.
Тербейді жиі
 жанымды
Аяулы Қазақстаным!

Мен диқанмын!
Әлдилеумен жер мені,
Өз анамдай құшағында тербеді.
Ер жеткізіп,
Тіледі де ақ сапар,
«Мендегі көп сұлулықты көр!»— деді.

Қабыл алып,
Жер-ана айтқан ақылды,
Көрдім барып бабам еккен дақылды.
Дән тасытқан туған жердің алқабы
Мені де еңбек майданына шақырды.

Жалын атқан
Жұмсап жастық жігерді,
Қандай бақыт гүлдендіру бұл елді!
Еркін еңбек,
ел құрметі,
сенімі
Мені диқан атандырып жіберді.

Keң далада
Көкірегіне сыйған күн,
Диқан болып дән маржанын жиғанмын.
Егін егіп,
тер де төгіп,
жемісін
Туған елдің қамбасына құйғанмын.

Гүлзар баққа айналдырған тақырын,
Мен диқанмын!
Дарқан дала — жақынмы.
Жемісіндей маңдай тердің, еңбектің
Жайқалады менің еккен дақылым.

Жазиралы,
Саялы,
Сағым далам,
Жоқ қой кезім

өзіңді сағынбаған.

Жақын маған қырданды,
думанды ортаң,
Жақын маған жандарың жалындаған.

Жалаудай желбіретіп ұрандарын,
Алғы шепте алаулап тұрар бәрі.
Биік болып таулары шығатұғын,
Талмай ұшсын,
Тың дала, қырдандарың!

Ә. Қ. ҚОСЫ
1917-1918

Өзіңсіз, туған жер,
Суы жоқ шөл екем.
Өзіңсіз, туған жер,
Қуы жоқ көл екем.

Өзіңсіз, туған ел,
Нуы жоқ жер екем.
Өзіңде, туған жер,
Бақытым,
берекем!

СЫР

Төбемде көкпеңбек аспаным,
Кеудемде көп арман —
Жас жаным.
Сонша не тындырып тастадым,
Бір әнді
Енді тек бастадым.

Келем бе ізімен басқаның!
Жо-жо-жоқ!
Өз жолым — басқаным.
Өз төбем,
Өз тауым — асқаным,
Аспаған қанша әлі асқарым!!

Жоқ қазір көзде жас,
Баста — мұң.
Мен қайта түлегем,
Басқамын.
Басқа жыр — жазғаным,
Басқа — әнім.
Жаңғырар,
Жалындар жастамын!

САҒЫНЫШ

Қаншамыздың көкірегімізге гүл ектің сен,
Қарлығаштарыңды
құшағыңнан сан түлеттің сен.

Қоштасар сәтте
көздерден шық боп үзіліп,
Жүректерде
махаббат болып дір еттің сен.

Өңірдің нәрін,
өмірдің сәнін ұсындың,
Өзіңе алғыс айтамыз біз сол үшін мың.
Сонау бір күзде сары үрпек балапаның ем,
Сонау бір жылы ұяңнан ұшқан құсыңмын.

Сен жаққа дәйім асығып тұрам
жеткім кеп,
Космостық мынау жылдамдықпенен,
екпінмен.

Қанатым алғаш қатайып барып,
өзіңнен
Қияға қарап қалықтап ұшып кеттім мен.

Сан айлар самғап,
зымырап қанша өтер күн,
Сені мен мені айырса жылдар,
не етермін!!
Сағыныш, шіркін,
шыдатпай бір күн, әз ұям,
Құсың боп қайта сұңқылдап ұшып жетермін!

**Тыраулаған тырналарым, сәл аялдай тұрыңдар,
Сендерге бір сауалым бар, жүрекжарды сырым бар.**

**Болсаңдар да сая іздеумен сан өлкеде, сан елде,
Жер жәннатын дәл осындай көрдіңдер ме әлемде!**

**Ассаңдар да талай белден, ұсаңдар да тым биік,
Біздің елдей қарсы алды кім, қарсы алдыңнан Күн күліп!**

**Адамдарды ақ пейілді көрдің қайдан дәл мұндай!
Айдын көлдер шықты алдыңнан қанатыңды талдырмай.**

**Қалай қиып барасыңдар мына байтақ өлкемді,
Қайдан, айтшы, табасыңдар бұл өлкедей көркемді!**

**Елі жайсаң, жері майса, белінде ырыс ырғалар,
Қайдан енді, қайдан енді табасыңдар, тырналар!!**

Дәл осылай болғанда

**Мұңдана­сың, тұз тағысы, несіне!
Қайғы жұтар дәнеңе жоқ, дұрысы.
Шетсіз дала,
 шексіз дала көсіле
Жатыр, әне, көн терідей құрысып.**

**Тракторлар түлетеді даланы,
Көктем келмей көгермейді жер-дағы.
Мезгіл жетіп,
 күз де кетіп барады,
Жалғыз қалып зерігерсің сен-дағы.**

Жел ыңылдап,
қыр төсінде тынар ма ән,
Сен отырсың ауыр мұңға көміле.
Сар даладан самғап өту —
ұлы арман,
Қыран, сен де жете алмассың шегіне.

Ағады баяу көк Есіл,
Ағады жарып даланы.
Өлкенің
күмбез төбесін
Ақша бұлт кезіп барады.

Есілдің бойы —
көк орман,
Қарақат пісті мөлдіреп.
Жасанып дала,
жаңарған,
Ақ қайыңдары желбіреп.

Қызылжар —
көзі көненің,
Жасып мүк басқан төбесін.
Айшықтап соққан бедерін
Ғимараттарын көресің.

Элеватор —
мына ара,
Не деген үйлер зор, алып!
Шынардай теле-мұнара
Бұлттарға қапты оранып.

Қыр төсін тұтас гүл басқан,
Тербеген
ерке самалы.
Шуағын төгіп нұрлы аспан,
Құлпырта түсті даланы.

ҚОШТАСАРДА

Ұстазым Айдархан Шәймерденовке

Туып-өскен топырақтан аттанғалы тұрып мен,
Тура саған тарттым, аға, бұрынғы салт-ғұрыппен.

Аппақ таңда ақ тілеумен ұшып келем дедектеп,
Жан ағаммен қайткенде де қоштасуым керек деп.

Қоштасқалы жан ағаммен — қимасыммен аяулы,
Ұшып келем... көзімде жас. Көңіл, шіркін, қаяулы.

Жеттім, міне... Сенің қамқор құшағыңа тығылдым,
Тығылдым да, тұңғыш рет туыстықты ұғындым.

Жан сырымды сұрама тек. Сұрама, аға!.. Өтінем!
Жалғыз ғана: жалқы өскен жалғыздығыма өкінем...

Қош бол, аға, көріскенше!.. Қош, ауылым аяулы!
Көзімде жас мөлтілдеген, көңіл, шіркін, қаяулы...

Сырын оның сұрама енді... Сұрамашы, жан аға!
Тебіреніп кетіп барам, толқып кеп ем бағана.

...

Көктем келді,
Парызын қыс өткерді.
Көктем келді,
Шуағын күн төкті енді.
Көктем келді,
Бүршік жарды жас қайың,
Көктем келді,
Кілем жапты бөктерді.

Көктем келді,
Бар табиғат құлпырды.
Көктем келді,
Жердегі тоң жыртылды.
...Жадыраған көктем лебі,
Май лебі
Жүректерде қуаныш боп бұлқынды!

...

Күн күлімдеп,
көк тал көктеп,
Шатырдан шық үзіліп,
Күткен көптен,
келді көктем,
Құстар қайтты тізіліп.

024004

* * *

Май келді тағы да гүл алып,
Дүние кеткендей нұрланып.
Бұлақтар барады бұлқынып,
Сылдырын ақ моншақ
сырға ғып.

Қарашы,
Тамаша май айы!
Құлпырған ауылдың маңайы.
Көктемде көзге ыстық туған жер,
Көрікті гүлді өңір баурайы.

Тербетіп
көктемнің самалы,
Сәмбітал бүршігін жарады.
Малынып күннің мол нұрына
Жер-ана жасарып барады.

Ерекше —
күміс күн көктегі.
Ерекше —
нұр-сәуле төккені.
Бірақта
өзгеше бәрінен
Аулымның көгілдір көктемі!

Таң

Айнала мүлгіген тыныштық,
Тау-дағы тыныс ап жатқандай.
Май таңы жүрекке
тым ыстық,
Нұрынан жан сая тапқандай.

Маржандай тізіп ап шық суын
Көк майса,
балауса құлпырды.
Күткендей
күліп күн шығуын
Жайқалып балдырған гүл тұрды.

Қарашы —
Таң атты тағы да.
Бесіктей әлдилер әр белең.
Балбырап
келді өмір бағына
Табиғат сәбиі—
Таң деген!

Ақын

Ақын —
Ол диқан қырда күн қақтаған,
Дән қылып ертелі-кеш жыр баптаған.
Ақын —
Ол әзіз ана ақ самайлы,
Тербетіп жыр бесігін
құндақтаған.

Бір-бірінен
кезек-кезек шоқты алып,
Таңырқасып,
толысқан қыз — толғанда **Ай,**
Тапжылмастан таң атқанша топталып,
Тамам жігіт
шылым шегіп тұрғандай.

Арман-ай!
Бас айналар биік пе едің!
Жеткізбес киік пе едің!
Күйік пе едің!!
Асқар шың,
Асулардан астың да әрі,
Теңеліп ақша бұлтпен,
биіктедің.

Өттім бе
Бірер белең,
белеңіңнен,
Жаным жас — жетем жасыл желегіммен.
Қуат ап шұғыласынан ұлы таңның
Өрмелеп биігіңе келемін мен.

Бақыттымын,
Саған, Күнім, ырзамын.
Өзіңменен бірге әнім, бір жаным.
Туған жердің тамашалап гүлзарын,
Аралайық бақша-бауын,
жүр, жаным!

Жүрші, жаным!
Бас айналсын бақыттан.
Жүрекжарды жыр сыйлайын жақұттан
Алдымыздан ақ маңдайы жарқырап,
Арайланып келеді, әне, атып таң.

Ай-хай, қандай,
қандай сұлу таң еді!
Таңдай нұрлы мынау Бақыт, Бақ елі.
Әдемі әлем,
Әдемісің сен, Күнім,
Сен болған соң өмір-дағы әдемі!

Тамашалап туған жердің гүлзарын,
Тағы да бір толғанайық,
жүр, жаным!

Таныс қылған,
Табыстырған біздерді
Таң нұрына,
Тағдырыма ырзамын!

ЖОЛДАР... ЖОЛДАР

Жолдар... жолдар —
Жолаушының, сан тағдырдың куәсі.
Теңіздерге апаратын сияқты бір су басы.
Сол жолдармен өтіпті ғой сан мінезді адамдар,
Содан ба екен,
бұл өмірде жақсы да бар, жаман бар.

Жер үстінде жолдар қанша әр тараптан қосылған,
Қиын сүрлеу,
соқпақ та бар кілт бұрылар тосыннан.
Жолдар да бар сайрап жатқан,
қара жол бар шаңдатқан,
Өмір деген үлкен жолды
құрайды олар жан-жақтан.

Өрге шықсаң тырбанумен,
алдыңды сай бөгемек,
Ұзақ жолда қиналасың,
сый да аласың, не керек.
Шыңдаларсың,
сын да аларсың —
онсыз өмір болған ба,
Өмірді мен ұқсатамын тап осындай жолдарға!

БОЛСАМ ДЕЙМІН

**Жымыңдаған бейне аспанның жұлдызы,
Албырт көңіл...**

**Арман шіркін көп менде.
Болсам деймін күзде қайтқан жыл құсы,
Думандатып келетұғын көктемде.**

**Болсам деймін қуанышы көңілдің,
Жақсылыққа,
Жақсыға ынтық бар жаным.
Гүлі болу мынау нұрлы өңірдің,
Туған жердің ұлы болу — арманым!**

ДАЛА ПЕРОВНИ

(Баллада)

I

Сәби келді...
Келді өмірге іңгәлап.
{Қойныңды аш,
тәтті үнін тыңда, алап!}
Жөргегінде жылап жатыр нәресте,
Жан анашын іздеп жатыр мұндалап...

Өмірге іңкәр,
жас еді ғой ана тым,—
Қатал тағдыр қиып кетті қанатын.
Жұбататын кім
бейкүнә жетімді,

Кім бар енді құшағына алатын!!
Түкті сәби сезбейді де,
білмейді,
{Беу, нәресте,
жыла енді,
күл мейлі.}
Өтті өмірден туған ана,
Апыр-ау,
Күн нұрынсыз шыбық қайтіп гүлдейді!!

II

Жылдар өтті,
жылжып айлар,
күн зырлап,
Гүлдер солды,
көктем көркін күз ұрлап.

Жеті қыс пен жеті көктем,
жаз да өтіп,
Күз оралды,
Тыныстапты тұнжыр бақ.

Жатыр сұлық,
тұйық жандай сұр дала,
Қалғандай-ақ ашу қысып сұрлана.
Осынау күз келбетінен көз алмай
Келеді, әне,
сумка ұстап бір бала.

Балғын әлі.
Жеті жаста, шамасы.
Не ойлайды!
Салмақты өзі, қарашы.
Келе жатыр өзгелерден оқшау қап,
Өйткені, оның қасында жоқ... анасы.

Қарай бердім...
Қайдан көрдім — таныс жан.
Үн келгендей іңгәлаған алыстан...
Мынау... мынау — жетім қалған сол сәби,
Жан даусымен жүрегімді жанышқан.

...Сезбей келді ол анасының жоқтығын,
Сәби көңіл мейірімге тоқ-тұғын.
Балалардың үйінде өсті
ес біліп,
Сонда өткізді балғын шағын,
көп күнін.

Тартқан жоқ еш
тауқыметін азаптың,
Дейтіндей ол: «Мен бақытты қазақпын...»

Күн-күн сайын өмірінде жаңалық,
Күндей нұрлы туған елі ғажап тым!

Ей, жас ұлан!
Отан — әке, ана да,
Нұр құяды әлі-ақ балғын санаңа.
Жалғыз сен бе,
Сендейлер көп ержеткен,

Бүгін солар — ғалым, ақын, дана да.
Сен де оқы,
Көзіңді аш, балдырған.
Әне, мектеп — құшақ жайған алдыңнан.
Еркін аттап,
Қарыштап бас ілгері,
Қарсы алдыңда күлімдеп тұр алтын таң!

III

Өтті жылдар,
айлар жылжып,
зырлап күн.

Уақыт — жүйрік,
Ұстап оны тұрмақ кім!!
Он күз өтіп,
он қыс келіп үлгерді,
Көктем шығып,
өңі кірді гүл-бақтың.

Көктем келіп,
қуанысты жас-кәрі,
[Мұндай шақта қайғың болса, таста әрі!]
Түлектер жүр
түлеп ұшып ұядан,
Арман қуып,
Асулардан асқалы.

Он жыл бойы бәрі бір жүк арқалап,
Оқу болды барлық мақсат,
бар талап...

Бүгін,
бүгін толқиды жас көңілдер,
Әрқайсысы әр қияға тарқамақ.

— Он жыл бойы бірге өскен дос-жандар,
Он жыл осы күнді аңсап,
тосқандар,

Он жыл бойы білім бердік,
Ал енді
Бақ тілейміз,
Бақыт жолын бастаңдар!

Сөз береміз озат шәкірт Асқарға,—
Деп директор қарағанда жастарға,
Шықты алға бір жас жігіт,
Толқулы,
Шынымен-ақ... жанарында жас бар ма!

Балғын жігіт тұрды,
әйтеуір, толғана,
Есімде әлі,
Мынау... мынау — сол бала.
Уақыт-жүйрік өтіпті-ау зымыраумен,
Он жеті жыл оған-дағы болғаны, ә!!

Жігіт үнсіз.
Неге ғана бөгелді!
«Сөйлесеңші,— дейді біреу,—
бол енді».

Әлде өткенін ойлады ма!..
Бір кезде
Ақтарыла сөйлеп ала жөнелді.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Көңілімнің күйлері



Демеңдерші...

**Демеңдерші, достар,
 мені тым нәзік,
Албырт көңіл қалады онда құлазып.
Айтпаңдаршы, достар,
 мені ақын деп,
Енді ғана жүргендеймін жыр жазып.**

**«Не қылған жан сырын бүккен ішіне!»—
Демеңдерші,**

жүрсем тұйық пішінде.

Бірақ,

**бірақ пәк жанымды сезер ме ең,
Жамандығым жоқ ойлаған кісіге.**

Сыр оқыңдар

**жалғаны жоқ жанардан,
Ізгі тілек, ойларыңнан нәр алғам.
Ақша бұлттай кіршіксіз ақ көңілім
О, достарым, сендер үшін жаралған.**

АПАМА ХАТ

Бірінші хат

Апатай!

Амансың ба!

Жүрсің бе есен!

Аман жүр —

Біз бақыттан күлсін десең.

Қажытып кеткенімен қайран құлының.

Қамығып,

қайсы күні күрсінбе сен.

Қайғы ойлап,
 қайсы күні күрсінбе сен,
Мың күнге емес, Апа,
 бір күнге сен:
Сүйерсің шөбереңді әлі-ақ ертең,
Соларға ғұмыр беріп,
 жүрсін есен...

Түсті ме бастарына ертерек сын,
Келетін өзіңді іздеп,
 еркелеп шын —
Көкениң, Төкениңе —
 бәрімізге
Алдымен, ардақты Апа,
 сен керексің!

Жасұланға керексің,
 Әсемгүлге,
Бүгінгідей керексің әсем күнге.
Ортамызды толтырып сен жүре бер,
Шуақ сеуіп бағыңда өсер гүлге!

Екінші хат

Есімде, Апа!
Неге ұмытайын,
Сол күні туған менің үміт айым.
Мен алғаш
келініңді ертіп келіп,
Дегенмін: «Отыңа, Апа, жылытайын!»

Сонда, Апа,
Жан анама ұсадың да,
Жылыттың қос жүректі құшағыңда.
Құс-тағы балапанын
 қанатымен
Демейтін өстіп алғаш ұшарыңда.

Жаз жетер
жайқалтып гүлдерді
Одан да қалмас-ау бір белгі.
Күз де өтер
көңілді жүдетіп,
Сағынтып қаз қайтқан күндерді.

Базарлы сапары басталып,
Қаз қайтса тобынан кеш қалып,
Сол менің жан досым деп біліп,
Жүрермін сағына еске алып!

Қалам алып,
толғанамын жыр жазуға оқталып,
Заулай алмай,
шабан аттай қала берем тоқталып.
Көңіл шіркін асаудай-ақ бұлқынады,
тулайды,
Жыр нөсерін кетердей бір ағыл-тегіл ақтарып.

Өмір — өзен ағып жатқан толас таппай бір уақыт,
Жолаушымын мен де бүгін —
алдан күткен мол бақыт.
Уақыт, уақыт, сөге көрме
жазбады деп әлі де
Шебер тіккен киімдердің тігісіндей жыр жатық.

Жақсы ма, жаным, біреуді аңсап,
жолына дәйім телмірсең,
Жанарың жасқа толар-ау сонда,
солар-ау гүлің мен білсем.
Жарқылдап маған жетпесең егер
осынау мұңды шағымда,
Жанымның алау жалынын онда
өршітпей бірден сөндір сен!

Жанымның алау жалынын, жаным,
өршітпей бүтін сөндір сен,
Өлтір сен мені қазір-ақ осы,
ақыры бір күн өлтірсең.
Арманды асқақ көгімнен, мейлі,
құлдилап құлап түсейін,
Құлдилап құлап түсумен ғана
сендірем сені, сендірsem!

Көні салған дерттен айықпақ болып,
досыма жақын сыр ашып,
Көнілейін деп жол шығып келем
сапармен талай қыр асып.
Онымнан менің шықпайсың бірақ
жолда да, алыс жонда да,
Сонда да менің көз алдымнан
көлбеңдеп кетпей тұрасың.
Қиялдап босқа жүргенде сенен
көз жазып қалам кейде мен,
Құмар ғып сырттан, мұнартып тұрған
әлде бір сағым бейне ме ең!

ЖАЗ ӨТЕР ӘЛІ

Жаз өтер әлі жарқылдап,
Жоғалар гүл шақ —
жарқын бақ.
Жалындап біз де өтерміз,
Жер басып мәңгі кім тұрмақ!!

Жыл өтсін, мейлі,
жылды ұрлап,
(Қояр кім оны «шынжырлап»)
Жоғалмас жастық,
бұлқынар
Бұлақтай таза
сыңғырлап.

ӘКЕМЕН СЫРЛАСУ

(Студент дәптерінен)

О, әке —
Асқар тауым,
дара шыңым!
Өзіңсің ақылшым да жанашырым.
Жаныма мейірімді жүрегіңнен
Дарыды бар қасиет,
Бар асылың.

Сен барда
ортаймайды несіп-кесем,
Мен барда
отырмассың есікте сен.
Кешіксе хатым кейде,
кейімеші,
Болмай ма өзім бірақ кешікпесем!

Толғанып
әдетімен заты асылдың,
Терең ой теңізіне батасың мың.
Жүрсің бе
әлде жиі ойлап мені,
Жәй-күйі толғандырып боташықның.

Жанды ма,
жанбады ма баста бағым,
Дәм-тұзы тартты ма әлде астананың.
Әйтеуір,
арман қуып,
алыс кеттім,
Қамшылап жігерімді жас талабым.

Біраз жыл болсам-дағы шетте, міне,
Көңілің сенбей тіпті кеткеніме.
Уақытқа қарап қойып,
жүр ме екенсің
Бір сағат бұрын барып мектебіңе!

Кім білсін,
Өтті ме, әлде өтпеді ме
Уақытың,
хат жаза алмай кеткенімде.
Қаражат салып маған,
жүр ме екенсің
Құлыныма жетті ме деп,
жетпеді ме!

Ес тұтып,
Есіңе әлде жиі алдың ба!
Берілген шақта кейде қиял-мұңға,
Шалдармен отырмысың кеңес құрып,
Кешқұрым шығып алып үй алдында.

* * *

Жақсы жыр іздеп келемін,
Аңсарым болып
 осы өнер.
Өмірім менен өлеңім,
Өрімім болсын қоса өрер.

* * *

Жылдар жылжып,
 өсіріп талғамыңды,
Бойжетіпсің
 ақ ұстап арманыңды.
Саған қарап блдім мен
Бүгін ғана
Өзімнің де аға боп қалғанымды.

* * *

Жақындауға көрсем де талап қылып,
Жырақ жүрем, —
Өзіңді қалап тұрып.
Сен ғайыпта жалт берсең,
Ал мен сонда,
Жетермін сағынышты қанат қылып!

* * *

Күткеніңе кездесе алмай,
 күтпегенге жолығып,
Кейде шалқып отырып та
 қаласың-ау торығып.
Алға қарай жетелейді сонда-дағы бір арман,
Шақырады сонда-дағы тәтті қиял, зор үміт.

. . .

Өкінбейді екенсің-ау күндеріңе бос өткен,
Жан ба деуші ем
Жанына тек жақсы үмітті дос еткен.
Сенен, құрбым, әлдеқайда артық па деп ойладым,
Сал ауруды —
Сан ұмтылып тұрмақ болған төсектен.

. . .

Жыр десе егер,
Шабыт оты жалындар.
Дос десе егер,
Құрақ ұшар жаным бар.
Жүрегімнің жауқазыны —
жырларым,
Ал өзімді
достарымнан таныңдар!

. . .

Өлең де — бір бозтайлақ,
Өңгертпейді
озбай бақ.
Жүрмегей тек,
Кез келген
Көкпар қуып,
көз байлап.

. . .

Кеудемнен жүрек деген сағат таптым,
Көрмеппін,
Өзгеге де қаратпаппын.
Бір тілі санап тұрар ғұмырымды,
Ал бірі — тілі алау махаббаттың.

• • •

«Өлеңді көрмедік көптен бері,
Әлде осы ма шамаңның жеткен жері!» —
Деп әзілдер достарым,

толастамас

Өлеңді жаңбыр дей ме көктемдегі!!

• • •

Гүл сыйлар ем,—

күз келгенде солмай ма,

Күн сыйлар ем,—

күнге барар жол қайда!

Бәрінен де ақ жанымды ақтарып,

Жыр сыйласам болмай ма!!

• • •

Бір-ақ күнде өкінесің кейде сен,

Шалыс басып,

артық-ауыс сөйлесең.

...Беу-беу, сол бір балғын шақ-ай алаңсыз.

Көңіл екеш көңілі де жейдешең.

• • •

Жыр төкпесең туған жер,

халқың үшін,

Парызыңды өтейді қай туысың!

Ақын болып қалуың керек сенің,

Ақтарылып сырыңды айту үшін.

• • •

Күндер зулап,

апта зырлап,

жылжып айлар,

жыл өтер,

Уақыт салып бетке әжім, әркімді де жүдетер.

* * *

Қайдасың,
 қайда, ғашығым!
Жанымды өртеп жандырған.
Іздесем сені асылым,
Күнім боп шықшы алдымнан.

* * *

Ұмтылып асқаралы арманым,
Қай уақыт мен шыққалы жолға мына.
Қомсына қарап қалам,
 күн өтпей-ақ
Кешегі көңілімнің толғанына.
Тағы да кірісемін жол қамына
Өзімнің ырза болмай қолдағыма.

* * *

Кетпей қойды ойымнан анам еш күн,—
Дей алмаймын: «Болмады панам...
 ешкім».

Еркелетер алдымда болмады ағам,
Еркелейтін болмады маған ешкім.

Есімде жоқ қорғады,
 қорлады кім,—

Өлең деген
 кеудеме орнады күн.
Бастайтұғын қияға болмады ағам,
Басатұғын ізімді болмады інім...

ӘКЕ ТІЛЕГІ

Тұңғышым Ботакөзге

Жаутаңдап жүреді ылғи Ботакөзім,
[Анамның сияқты бір о да көзі].
Иіскейтін айдарынан әжесі жоқ,
Ол үшін әже де — өзім,
Ата да — өзім.

«Әжең бар»,—
Дейсің, оны сендіргенше,
«Бар»,— дейсің,
Бала үмітін сөндіргенше.
«Ата» деп еркелейді ол көрші шалға,
«Әже» деп жүгіреді кемпір көрсе.

Тағдыр ғой...
Несіне оның түңілейік.
Біреу күліп,
Жүр енді бірі кейіп.
Тұңғышым жаутаңдар ма ед әркімге бір,
Тұрмаса анам орны үңірейіп!!

Жұбатып,
Деймін: «Ботам, тый жасыңды,
Тағдыр бұл —
тартып алар қимасыңды.

Білсең ғой:
Сол әжеңді іздеп өзім,
Тауға да,
Тасқа да ұрғам бұл басымды.

Қайталап «Ана» әнінің қайырмасын,—
Білмеппін:
Бақыт қайтып қайрылмасын.

**Тағдырдан бар тілерім:
Енді сені
Анаңнан — аяулыңнан айырмасын!**

СУДАҒЫ СҰЛУ

**Төсін тіліп
айнадай көл бетінің,
Құлпырады қыз-аққу келбеті мың.
Қаққандай-ау таңдайын
табиғат та,
Тапқандай-ау бір сәтке жел де тыным.**

**Ақ маржанға малынса бұла мүсін,
Соған қарап,
тамсанып тұрады шың.
...Сұлулықтың тәңірі —
сол ма дерсің,
Сол ма дерсің —
жырдың да бұлағы шын!**

ҚҰРДАСҚА

**Түсінбе тек
Сен мені теріс мүлде,
Бұл күнде керек дейсің керіс кімге.
Таласып сәл нәрсеге,
Өзіңменен
Келіп тұр
Келіспегім...
Келіскім де!**

**Келіспедім...
Жо-жо-жоқ! Келістім де,
Тәттілігін түсіндім керістің де.
Тебісің өту үшін тай-құлындай,
Жүрейік
Екеуіміз де жер үстінде!**

СӨЗІН А. ҚАСЫМ

**Көңілім көтеріліп көкке мүлде,
Қуанып,
 құстай ұшып жеткенімде,
Қайтейін, кеш келіппін,
Кез келіппін,
Балбырап тәтті ұйқыға кеткеніңде.**

**Ұйықтай ғой,
Ұйықта, бөпем таң атқанша,
Жүзіңе сәулесін Күн жалатқанша,
Жанымды мазаласын тағат қанша,
Шыдайын көз ілместен таң атқанша.**

**Бейкүнә,
Жатқаныңда тербетіле,
Тоймастан қарай берем келбетіңе.
Жаныма шуақ құйып,
Құйттай Күнім!
Нұр шашып тұрғандайсың жер бетіне.**

Апатай

**Апатай — аппақ жеңешем,
Алыстан хатпен кеңесем.
Асылық болмас сірә да
Асылға сені теңесем,
Апатай — асыл жеңешем.**

**Апатай — жайсаң жеңешем,
Әманда болшы сен есен!
Артық деп және кім айтар
Алтынға сені теңесем.
Апатай — алтын жеңешем.**

**Апатай — қамқор жеңешем,
Асыра айттың деме сен:
Панама сені теңесем,
Анама сені теңесем,
Апатай — ардақ жеңешем!**

2.

Тойыңда маталма

**Тоқсан деген тойыңда
Кәрілікке маталма.
Мат алсаң да ойыңда,
Өмірде тек
«мат» алма!..**

АУЫЛДАН АТТАНАРДА

Жатқан кезде таңғы дала маужырап,
Кетіп барам екі көзім жаудырап.

Қала берді

қоштаспаған сен үшін
«Қош!» дегендей тау жырақ.

Жүргенімде жүрегімде жыр құрап,
Уақыт — құйын өте шықты бұрқырап.

Қала берді

сенің күміс күлкіңдей
Бұлақ артта сылдырап.

Қияр едім, —

қимайтұғын қалды шақ,
Жүрермісің қайта сол бір әнді сап!
Кетіп барам

бір асылын ұмытқан,
Жоғалтқан да жан құсап...

ІНІ САҒЫНЫШЫ

Келем депсің, ағажан, көктемеде,

[Келер көктем

Қуаныш боп келе ме!!]

Содан бері сан рет құстар қайтты,

Сағындырып кетіп ең көпке неге!!

Келші енді,

Қасымда жүрші дәйім,

Аңсаған бауырыңның білші жәйін.

Көптен бергі ақтарып сырларымды,

Көптен бергі құмардан бір шығайын.

Сен келді деп,
Жаһанға жар салайын.
Жаңғырып бір қалсыншы жан сарайым.
Көктемеде кетіп ең —
Көктемің боп,
Өткенің боп,
Өзің боп қарсы алайың!

ЖАҚСЫ-АУ

Жақсы-ау — жазу досқа арнап жыр-тілек,
Жыл өткесін кетпесе егер ұмытып.
Жақсы-ау — сергек соға берсе бұл жүрек,
Жүрсе егер өзгені де жылытып.

Жақсы-ау, құрбым, жыр жазғаның тәп-тәуір,
Жүректерді қуантып та жылатып.
Жақсы-ау және болғаны да көп бауыр,
Жабыққанда жүрер дәйім жұбатып.

Жақсы-ау — жанның жаз күніндей жарқыны,
Жабыға да білген жақсы,

шынымды ұқ.

Жақсы-ау — тағы бір жақсылық арқылы
Жер жастанса мың жамандық,

зұлымдық.

Аңсатып

Әлі күнге балаң қылық,
Келеді көңілімді алаң қылып.
Асығам ауыл жаққа апта сайын,
Алдымнан шығардай-ақ анам күліп.

Алдымнан шығардай-ақ ақырап кеп,
Жер кеңіп,
Кетердей-ақ жадырап көк,
Сен жаққа, әйтеуір, мен алып ұштым,
Сағыныш атты құсым жамырап көп.

Бір кезде бала едім ғой,
Содыр-ақ тым,
Бәрін де кеш түсініп,
Соңыра ұқтым.
Білдім мен бал күлкінің кеткенін де
Астында бір-ақ уыс топырақтың!

«Жақсы бол,
Қалма, балам, жаман атқа,—
Деуші едің,— үмітімді адал ақта».
Артыңа тастап кеткен сол үмітің
Аналық ақырғы асыл аманат па!

Ойлаумен келешегін қыз-ұлыңның,
Жаныңды мұздатты ма сызы мұңның.
О, ана, қиындықты көп көрдің де,
Бірін де көрмей кеттің қызығыңның.

Құрметті ел ішінде қадірің де —
Атыңды аңыз етер әлі күнде.
Анашым, тұрса деймін
Жырым менің
Бір сабақ гүлің болып қабіріңде!

Жаза алмаспын...

Жақсы өлең жазылмайды.

Жалынымды

жасырын жаз ұрлайды.

Күз ұрлайды күлкімді,

Қыс ұрлайды.

Көктем-дағы жыр шоғын ұсынбайды.

Жанды қинап,

Жақсы жыр жазылмайды.

[Жазғанымды жұрт, бәлкім,

назырқайды.)

Жырларыма әлі ешкім бас ұрмайды,

Сезім-шөлім сонда да басылмайды.

Жан сырымды қалайша жасырамын,

Аңсаттырған — әсем жыр,

Асыл әнім...

Гүл де бірақ жармайды бірден бүрін,

Жақсы жырым —

Жаза алмай жүрген жырым.

ҚОС ҚУАНТЫМ

Апаларым Зада мен Зайраға

Үшеуміз — бір ананың үш гүлі едік,

Үшеуміз — бір әкенің ұшқыны едік.

Келіппіз анамызды үш қуантып,

Келіппіз әкемізді үш түлетіп.

Үшеуміз —

Үй ішінің үш Күні едік!

Үшеуміз тете едік,
Тентек едік.
Өмірге
Еркін еніп, еркеледік.
Апыр-ай, артық күліп қойдық па әлде —
Тарықтық,
Тағдыр сыны ерте келіп.

Аялап,
Аямаған нұрын ізгі,
Біз үшін өзі еді ғой Күніміздің.
Қайтейік,
Қайран ана, ең болмаса
Көрмеді
Тойымызды біріміздің...

Анамның ақ сүтіне шөлдегем мен,
Шөлдегем мен,
Сонда да өлмегенде,
Көгімде қарлығаш боп көлбегендер,
Жалғанда
Жанашырым сендер еңдер.

Анамның мейіріне шөлдегенде,
Шөлдегенде,
Сонда да сөнбегенде,
Тағдырдың тәлкегіне көнбегенде,
Демеген,
Жебеген де — сендер еңдер!

Мен жәйлi жаманатқа сенбеген де,
Жанымды жылы сөзбен емдеген де,
Сендер еңдер —
Сенгенім, сүйенгенім,
Сүйінгенім, сүйгенім —
Сендер еңдер!

Өлеңімнің
өздерің өркені еңдер.
Көңлімдегі көп ойдың көркемі еңдер.
Сабылғам сан
Шарқ ұрып сендер жаққа,
Сағыныш-от жанымды өртегенде.

Жалғыз қап,
Кейде мұңға тұсалармын,
Сендерді ойлап сонда күш алармын.
Екеуің —
Қос қанатым емес пе едің!
Қанатсыз
Қалай биік ұша алармын!!

Арманның асқарына жете алар кім,
Мен, сірә сағынышқа бет алармын.
Екеуің —
Қос қазығым емес пе едің,
Қазықтан
Қалай ұзап кете алармын!!

Үшеуіміз — бір ананың үш гүлі едік,
Үшеуіміз — бір әкенің ұшқыны едік.
Келіппіз анамызды үш қуантып,
Келіппіз әкемізді үш түлетіп.
Үшеуіміз —
Үй ішінің үш Күні едік!

**Толықсып келіп отырдың,
Қасымнан менің сәл аулақ.
Бөлмені нұрға толтырдың,
Алмадай жүзің алаулап.**

**Жамырап шығып әніміз,
Дауыс та әбден қарлықты.
Шаршадық, сірә, бәріміз,
Сөндірдік сосын жарықты.**

**Қараңғы бөлме.
Тыныштық.
Қолыңды қолым тапты кеп.
Деміңе күйіп тым ыстық,
Жүзімді шарпып жатты леп.**

**Жатпадым жылы сөз айтып,
Не шығар
 жалған тілектен.
Үнсіздіктің өзі артық,
Ұғынған артық жүрекпен.**

**Жалықтың, бәлкім, бір кезде,
Ұялдың әлде,
 кім білсін.
Жандай-ақ тұрған түк сезбей,
Болдың да қалдың бір тылсым,**

**Өкпелеп әлде қалдың ба!
Тіс жарып,
Тіл де қатпадым.
Күлімдеп бір сәт алдың да,
Бұрылдың маған, аппағым:**

«Жейсің ғой таяқ» дедің сен,
«Қорқытпақ» ойың бар ма әлде!
Өзіңнен, жаным, жеңілсем,
Таяқ та жесем,
арман не!

...Көркіңе елтіп,
құмартпай,
Көз салмай сонда кетсемші.
Жүрекке қайғы-мұң артпай,
Көрмей-ақ сені өтсемші!

* * *

Түсіп ең неге көзіме,
Тап болдым несін
кездейсоқ!!
Табынып өтем өзіңе,
Тәңірім деуден өзге ой жоқ.

Сенде де,
Менде бар кінә,
Тұмай-ақ қойсын дау бірақ.
Қарамай істің нарқына,
Қарадың неге жаудырап!

Көзіңе сепкіздің бе нұр!
Гүл қадағансың ба төсіңе!
Жанымды
дір еткіздің де бір,
Жарқ етіп өттің несіне!!

Сыр тұнып
сол қарасыңда,
Арман боп елестедің сен.
Топ жұлдыз арасында
Толған Ай емес пе едің сен!

* * *

Жол тосқан жандай күні-түн,
Хатыңды күтіп сарғайдым.
Сол болып жалғыз үмітім,
Сол болды және
бар қайғым.

Түсімде сені көп көрем,
Сарғая сағынғасын ба!
Сағыныш
бірдей дертпенен,
Мүмкін ғой арылмасым да!!

А. М. М. М. М. М.

Түсімде де сені көрдім, аяулым!
...Көзіңде жас,
Ақ жүзіңде — қаяу-мұң.
Қап-қара түн...
Сені отырмын құшақтап,
Құшағымда секілді бір құс аппақ.

Деймін саған:
«Қайта айналып келдің бе,
Қалмадың ба көп ұрынып жел-күнге!
Қаншама айлар зарықтырған, аққұсым,
Сондағыдай мөлдіреген пәкпісің!»

Көзімді аштым...
Көрінбедің бірақ та,
Кеткенің бе ұшып қайта жыраққа!
Аңсаттырып,
жүрсің қайда, аққұсым,
Басыма кеп қонар бір күн бақысың!!

ҚЫЗ АЛЬБОМЫНДАҒЫ ТІЛЕК

Жадырап оян,
наз қылып,
Таңдарға артып жақсы үміт.
Жанарыңнан жаз күліп,
Жолдасың болғай жақсылық!

Жаныңдай жақсы жыр арнап,
Жыр арнап саған көргем жоқ.
Өзімді
өзім мың алдап,
Шындыққа және сенгем жоқ.

Кетерсің әлде шат күліп,
Бақыты жанған құрбыңа.
Кетерсің
мені жат қылып,
Жат қылып мынау жырды да.

Жасырын қалып сыр қанша,
Жарқылдап келіп
қол берем.
Басқаның күні болғанша,
Жанымның гүлі бол дер ем...

Ақ тілек арнап,
кезінде
Жыр жаздым, — айтар сыр кейін.
Өзіңе бірақ,
өзіңе
Беташар айтып жүрмейін...

1

Сыңарым ба едің — қапияда көз жазып қап табысқан,
Шын арым ба едің — сынса-дағы шарт сынатын намыстан.
Інім бе едің — өмір бойы арман етіп келген мен,
Гүлім бе едің — іздеп жүрген

ізім қалған белдерден.

Жарты жолда жолдас болдым жақсымен де,
жаманмен,

Жоқ әлде сен жоғалтып ап жүрген асыл ағам ба ең?
Мен, әйтеуір, күткенімде зарығып бір нұрды алдан,
Сен кезіктің шуақ болып

шұғылалы жылдардан.

Сен кезіктің сыңарым да,
інім де, боп,

ағам боп.

Жүрегіңнен жүрегіме жетіп жатты маған да от.

Қосар ма еді

Тағдыр біздің көңілді іңкәр, қалаған,

Егер өзі айырмаса екеуімізді анадан!!

2

Тағдырласым,

һәм сырласым,

сыңарым,

Таусылмайды саған арнар жыр-әнім...

Тастайыншы өзір мынау мұңды әрі,

Тұрсың ғой сен

Жаңа өмір құрғалы.

Тұрсың, міне,
бақытыңды құшақтап,
Қатар ұшқан қос аққуға ұсап қап,
Қатар өскен қос қайыңдай ырғалып,
Жүздерің де бал-бұл жанып,
нұрланып.

Келдім, достым,
гүлден алқа таққалы,
Қос жүрекке қоңырау-жыр қаққалы.
Келдім және
Құшағыма қысуға,
Қуаныштан көкке бірге ұшуға!

3

Құтты болсын бақ құсың қасыңдағы,
Қуансын досың түгіл,
қасың-дағы.

Тілеймін
Тілектердің ақталуын
Алғашқы ақ дастарқан басындағы.

Үй болу — саған да сын,
Қалқақа — сын,
Кім білсін, тарта ма сый...
арта ма сын.

Тарқаса да қауым жұрт тілекпенен,
Тойларың мәңгілікке тарқамасын!

ҚАРА КӨЗ

Қара көзің жәудіреп көп қарадың,
Тіл қата алмай,
Таусылды-ау текке амалым.
Жалықтырып алармын, жаным, сені,
Қарайламай артыңа
кет, қарағым!

Жалықтырып алармын,
жабықтырып,
Қамықтырып,
немесе зарықтырып.
Маған деген аяулы сезіміңді,
Сеніміңді алармын тәрік қылып.

Гүл дегенде нұрыңды сарып қылып,
Ей, жүрегім, сырыңды қал ұқтырып.
Сола көрме мезгілсіз
жас шағыңда,
Сөне көрме
алаулап жанып тұрып!

Жылай көрме опық жеп, айналайын,
Жас жумасын жүзіңді айнадайын.
Бәлкім, сен де біреудің бақытысың,
Барыңды ұрлап,
бағыңды байламайын!..

БІЛМЕДІМ

**Білмедім ғой боларын мұның бұлақ,
Құлап түстім
Құмартып қылығыңа-ай...
Жылатайын деп сені ойлап па өдім,
Қамықтырып алдым ба, құлыным-аи!**

**Айлы түнде жолыққан, аппағым-ай,
Қайда енді сендей жан таппағым-ай!
Арман болып мен үшін қалармысың,
Аңсап жүрген арайлы ақ таңымдай!!**

СЕН ЖОҚТА

**Сенсіз менің күндерім —
Құсы жоқ бақ,
 базарсыз.
Сен бардағы гүлдердің
Солған көбі,
 ажарсыз.**

**Сен жоқта бау,
 бақтар да
Тұйық жандай,
 тас-түйін.
Ерке бұлақ қатқан ба!
Жоғалтқандай наз, күйін.**

**Сенсіз аспан бұлыңғыр,
Күн де нұрын төкпейді.
Көрінші тек бүгін бір,
Қуантпай-ақ кет мейлі!..**

Күн күлсе егер
 құлпырар гүлзар бақ та,
Барғайсың тек жаз болып қыздар жаққа.
Түсіне біл, бауырым:
 қыз да — бір гүл,
Күн нұры үшін жаралған қызғалдақ та!

Сен бе деп қалып,
 бір қыздың
білегінен ұстадым.
Көңілін бері бұрғыздым,
Бұрғыздым...
Бірақ, құшпадым.

Сен бе деп қалып,
 бір қыздың
жанарына телмірдім.
Көрмесем де,
Күндіз-түн
көз алдымда сен тұрдың.

Сен бе деп және
 бір қыздың
соңынан еріп барамын.
...Білмедім ем,
Енді білгіздің
қадіріңді, қарағым!

Қаңдай минетім 34

Маңдайда болар аз несіп —
Қарамай кетсең сен егер.
Қаңғырып кетем

баз кешіп,

Бағыма

бір қыз мені елер.

Сырыма менің имандай
Сенбей де жүрсең сен егер,
Шыныма онда иланбай,
Сөзіме жалған

сене бер...

Қарындай 35

Күнімдейін едің дара,
Күлімдейді көзің қара.
Күбірлейді ерін ғана:

«Керімбала... Керімбала!»

Керім десе, керім бала,
Көкжелектей өрім бала.
Көңілімде менің нала,

Керімбала, Керімбала.

Селт еткендей сезім жаңа,
Күлімдейді көзің қара.
Көңілімде өзің ғана,

Керімбала, Керімбала!

• • •

Аққудайын аңсаған ақ айдынын,
Сенсіз қалсам кеудемді қамайды мұң.
Сағынғаным шығар-ау,

өзің жаққа

Қайта-қайта қиылып қарайтыным.

Қайта-қайта қиылып қарайтыным,
Ол — өзіңді бағыма балайтыным.
Ақ таңдарда

сені ойлап отырам көп,

Ұйқымды ұрлап көзімнен талай түнім.

Таңмен тұрып,

нұр-сәуле тарайтыным,

Ол да — менің өзіңді қалайтыным.

Ақ сәулелер — дір еткен саусақтарың,

Өзіңсің — Арай Күнім!

• • •

Уақытты үнсіз өткіздім,
Айта алмай саған шынымды.
Саусақтар әлде жеткізді
Сағынған менің сырымды.

Қоштасар шақта көп тұрдың,
Қиналдым,
Неге қинадың!
Көздерім, бәлкім, ұқтырды
Көңілде кеткен күй барын.

**Жәудіреп нәркес жанарың,
Айтқандай маған сыр күнде.
Нарқыңды білмей, қарағым,
Налытып әлде жүрмін бе!**

**Мені де меңдеп нала-мұң,
Қалғандай қазір
 құр сүлдем.
Жанымды ұқпай, қарағым,
Жатырқап сен де жүрсің бе!!**

**«Кел!»— деуге енді
 кеш қой тым,
Орны жоқ және
 қолқаның.
Көгімнен бірақ өшпейтін
Жұлдыз боп қалдың, Шолпаным!**

ӘБІЛҚАЖЫ

**Мен жәйлі
білдің бе сен,
 білмедің бе!
Сыр ашсам,
сырт айналып күлгенің не!!
Уайым-мұңды сен маған сыйладың ғой,
Уана алмай онсыз да жүргенімде.**

**Өмірден
әлде өшпес отты іздедім,
Өзіңнен
үмітімді текке үзбедім!..**

**Өрт салып өзегіме кетер болсаң,
Көл түспе көзіме онда,
Көл түспегін!**

КҮЙШІ БҮЗҒА

**Қош бол енді, күйші құрбым — ұялшақ,
Домбыра алмай қойғаның не!!
Барғанымда күй аңсап.
Құмарттырып өнеріңе...
 өзіңе,
Жаутаңдатып жібердің ғой,
Сезімге бір қиял сап!..**

. . .

**Сені мен сүйіп едім,
Сүйем деп айта алмастан.
Сен неткен биік едің,
Төбемде шайқалды аспан.**

**Сен мені түсінбедің,
Еш кінә тақпасаң да.
Көремін түсімде кіл,
Өңімде таппасам да.**

ӘН ӘСЕРІ

Өзің — алтын,
Сөзің — бал-тын, қарағым.
Әнің — даңқың,
Жаның — жарқын,
Жарадың!
Сазына елтіп,
Назына ертіп,
 дарига-ай,
Талай сырды ап,
Қалай шырқап барады үн!!

Жырымды бұл,
Сырымды бұл түсінгін.
Қысылдым ба!
Сен де неден қысылдың?
Сенің әнің,
Сенің сәнің үшін деп,
Жүрегімнің жауқазынын ұсындым.

АСЫЛ ЖАН

Алғаш рет ояттың да санамды,
Алғаш рет ұстаттың сен қаламды.
Алғаш рет көзімді ашып өмірге,
Түсіндірдің жақсы менен жаманды.

Құя бердің
 көкейіме барыңды,
Білімменен сусындаттың жанымды.
Өміріме нәр алдым да өзіңнен,
Кеудемнен бір жыр ағыттым жалынды.

О, ұстазым!
Оттан да ыстық құшағың.
Тастүлегің болып биік ұшамын.
Мен-дағы бір шәкіртіңмін борышты,
Нысана еткен ізгі арманның ұшарын.

* * *

Өзіңді, жаным,
жылатып ала жаздадым,
уақыт та өтпей қас-қағым.
Жасыма бекер,
о, менің шұғыла-маздағым,
Армандай биік асқағым!

Жасыма бекер,
Жадырап әлі-ақ күн келер.
Көктемің келер,
қырлардан алау гүл терер.
Күтеді сені
алдыңнан жарқын жаз әлі,
Күтпейді бәрі
бір қадам бассаң мүлт егер...

Арманда едің,
Дарқан да едің мен үшін.
Қаталдау болдым
ал өзім, бәлкім, сен үшін.
Білемін, жаным,
мен жоқта саған көңілсіз.
Сен жоқта
менің
қуанышымның кемі шын!

Бастауы мөлдір бұлағым едің, Аяулы,
Жеткізбей қойған жырағым едің, Аяулы
Шешімі — жұмбақ

сұрағым едің, Аяулы.

Жадырап айтқан жыр-әнім едің, Аяулы.

Бақытым,

Барым,

Байлығым болған, Аяулы.

Қона алмай кеткен айдыным болған, Аяулы.

Біресе аппақ айлы түн болған, Аяулы,

Біресе маған қайғы-мұң болған, Аяулы.

Жанарың нәркес сүзіліп қалған, Аяулы,

Тістерің — маржан тізіліп қалған, Аяулы.

Әнімдей әсем

сызылып қалған, Аяулы,

Үміттей қысқа

үзіліп қалған, Аяулы.

Ақылмен асқақ тау тіреп қалған, Аяулы,

Аңқылдап, кейде жәудіреп қалған, Аяулы.

Мәз болып күліп,

мұңайып қалған, Аяулы,

Мұңайып тұрып,—

қуанып қалған, Аяулы.

Балымсың тәтті-ақ,—

өмірде бір де татпаған,

Тақымсың аппақ,—

мен үшін күліп атпаған.

Күнімсің ыстық,

шуағын, әттең, төкпеген,

Гүлімсің нәзік,
жұлдырмай қалай ап қалам!!

Ап қалам қалай аңшының ажал оғынан,
Толықсып сендей
туар ма айым оғынан.
От алып маздап кете алсаң, Күнім, жарар ед
Біреудің анау қоламсып жатқан шоғынан!

Білмейін, мейлі,
өзіңді бала шағыңнан,
Сонау бір күзден
сарғайып қанша сағынғам!
Қорыққан емен көздерден не бір тесілген,
Қорқамын бірақ
мен сенің болашағыңнан...

Жылайын мен-ақ,
Жыламай өтші сен, Күнім!
Жанымды менің жұбатар сендей енді кім.
Ұмытып ертең,
Ұмытып, әттең, кетерсің,
Жабығып жүріп кемді-күн.

Жырымды менің сақтама, мейлің, көңілге,
Одан да үлкен табарсың бақыт өмірде.
Аман бол әман,
арманым болған аққұсым,
Жұлдыз боп жаншы жарқырап дәйім көгімде.

Бастауы мөлдір бұлағым сенсің, Аяулы,
Жақын да болсаң
жырағым сенсің, Аяулы.
Жаһанды кезіп сұрарым сенсің, Аяулы,
Жырлайтын мәңгі жыр-әнім сенсің, Аяулы.

. . .

Кімсің, жаным!
Шаттығым ба ең сен менің!
Жарқ еткендей болды-ау қайта
сөнгенім.

Сені алғаш көргенімде,
Апыр-ай!
Сүгірет пе деп көзіме сенбедім.

Қызғалдақтай қырмызы бір гүл ме едің!
Көгімдегі күлімдеген Күн бе едің!
Бағым ба едің!
Бақытым ба ең сен әлде!
Періште ме ең,
Перизат па ең,
білмедім.

Жүрегіме ұялаған жыр ма едің,
Қуанышым болармысың бір менің!!
Көгілдірі секілденіп аққудың
Қандай жақсы
көңіл-көлде жүргенің.

. . .

Менсіз де күліп,
менсіз де жүріп жатқан да, сәулем, шығарсың,
Менсіз де талай жүректер аңсар
армандай асқақ шынарсың.
Сенсіз де сан ай,
сенсіз де сан жыл жүре алады екем жер басып,
Бірақ та сенсіз,
аласа тартып кетердей маған шығар шың.
Менсіз де шалқып,
менсіз де талай тойларда, бәлкім, ән салып,

Жүрген шығарсың

кірпік ілместен таңдарды күліп қарсы алып!

Сенсіз де жақын сырласар жандар жоқ емес

қазір жанымда,

Сені іздеп бірақ,

сабылып өткен күндерім менің қаншалық!

Менсіз де толқып,

менсіз де жұмбақ сырларға батып не түрлі,

Менсіз де бүгін бойжетіп қапсың,

[ойың да, бәлкім, жетілді!]

Сенсіз де мынау дүние түгел

дөңгелеп тұра берер-ау,

Сенсіз бе бірақ,

жер үсті маған қаңырап қалар секілді!

. . .

Сұрасам ба гүлшоғыңның бір талын,

[Сенсің — менің шуақ-күнім,

нұр-таңым.]

Көрінгенді сұрайды деп сөкпеші,

Бұл — әншейін, сөйлесуге сылтауым.

Десем бе екен:

«Қайда жүрдің көрінбей,

Қайда өстің талшыбық боп өрімдей?

Сен шақырсаң

жүгірер ем тоқтаусыз,

Шың-құзға да шығар едім ерінбей.

Сен сұрасаң,

Сыйлар едім жүректі.

Қиялымда жырдан саған гүл ектім.

Күлімдеген шақтарыңмен қуантып,

Сөл мұңайған сәттеріңмен

жүдеттің.

Жаным десем,— жарыңмын деп айтпадың,
Жарым десем,— жарығым деп айтпадың.
Гүлім десем,— гүлдәуренім демедің,
Күнім десем,— нұр-сәулеңмін демедің.
Жауабыңды ести алмай келемін.

Жолыңа мен телміремін күні-түн,
Жолығамын қалай саған, үмітім!
Сағыныштың айтпай жүрсің сен емін,
Мен бәрібір бір бақытқа сенемін.
Сені бірақ,
Сендіре алмай келемін.

Бақ орнатып, сендірсем бе, шөлдерге,
Айналсам ба әлде айдын көлдерге!
Қайтсем, маған шұбасыз шын сенесің!
Көз алдымнан кетпей қойды елесің,
Әлі күнге бір тіл қатпай келесің...

ӘСІҢЕ

Есіңе ал мөлдір көздерді,
Көздерді — тілсіз сыр айтқан.
Кездерді еске ал,
Кездерді —
Қуантқан,
кейде мұңайтқан.

Бақытты бол деп,
Аяулым,
Көтергем тойда тосымды.

**Басыңа түссе қаяу-мұң,
Досыңды еске ал...
Досыңды!**

БІЛСЕҢ ҒОЙ

**Туған жерім —
Гүлзар бағым, мекенім,
Саяңа мен қашан ұшып жетемін!
Алыс жүріп аңсағаным —
Білсең ғой,
Саған деген сағынышым екенін.**

**Туған жерім —
Ұшқан ұям, мекенім,
Неткен мұнша дарқан едің,
кең едің!
Селт еткізген сезімді —
Білсең ғой,
Саған деген махаббатым екенін.**

ҮШІНШІ БӨЛІМ

Көргенімді
айтайын ба?..



Ж і г і т :

— Кафеге барайық,— деді.

Қ ы з :

— Билеп бір қалайық,— деді.

Келіп еді:

Масқара!

Кафе емес — масхана.

Іші көк түтіннен көрінбейді,

Қыз бетін басып:

«Өлім» дейді.

Тұрып ішкен не сән,

Жүріп ішкен не сән!

Бір бұрышта тобымен отыр,

Біреулер шапанымен,

Енді бірі тонымен отыр.

Тапқанын, қайдан, кім ойлап,

Әйтеуір, «жын-ойнақ».

Ж і г і т :

— Кірейік,— деді.

Қ ы з :

— Одан да далада жүрейік,— деді.

Сөйтіп,

Кафе деп келгендері кафе болмады,

Қысқасы,

Көңілдері толмады.

«Кітап — білім бұлағы»

Деген сөзді

шалған болар

Талайлардың құлағы.

Бірақ, көп дүкенде

Кітаптың орнында арақ тұрады,

Арақтың қасында

шарап тұрады.

Қымыз болса бір сәрі-ау,

Сыра-екеш сыра да

Кітапқа «зорлық» қылады, ә!..

Бұл кітаптың

Көрген күнін сұрама!

(Басыңа бермесін сірә да.)

Жамбасы сарғайып,

Көзі көгеріп,

Қойманың бір бұрышында жатады.

Қызығына егеуқұйрық батады.

Ал оқырманның

Кітап ізде-е-еп...

Сілесі қатады.

ҚАЙТЕДІ... ҚАЙТЕДІ...

Райка демей,
Райхан десем, қайтеді!
Алка демей,
Айнам десем, қайтеді!
Бар асылға балар едім,
Бірақ та,
Болмай жатып бір апта,
«Көрдім сені қайдан!»— десең,
Қайтемін!
«Бір жігітпен... тайғам» десең,
Қайтемін!!.

БҰРА ТАРТТЫ...

Шөп таусылды,
жем жетпеді,
Қашан қора желдеткелі!
«Көгал қуып, көп гөлайттап»,
Кезінде ешкім жөндетпеді.
Енді, міне,
мұз-қар жетті,
Сүйектен өтер ызғар жетті.
Бұрынғыдай сүт өнбеді,
Болғанымен қыздар епті.
Бруцуллез тиді қатты,
Індет деген тұралатты.
«Дімкастарын етке өткіз» деп,
Зоотехник бұра тартты...

Бас мәңгіріп,
 күй кетіп,
Кетті-ау арақ күйретіп.
Қай бұрышта қаламын,
Қу сүйекті сүйретіп!!

«Көк мойынға» телміртіп,
Желдей сөзді желдіртіп,
Желкітірген, көңіл-ай,
Жүрмін енді жер түртіп.

Жұмыстан да мән кетіп,
Буын босап,
 әл кетіп,
Мәз емеске мәз болдым,
Әндетпесті әндетіп.

Әркімдермен ішіп көп,
Кішілерге кішік боп,
Әйелімнен ақша сұрадым,
Айықтырғышқа түсіп кеп.

Күлкі де емес күлісім,
Жүріс те емес — жүрісім...
Көзтүрткі боп әркімге,
Көрген күнім құрысын!

М. ӘХМЕТЖАНОВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН

**Істеп тұрса телефон,
Құдайдың бір рақаты.
«Үзіліп» қалса,
 бәрінен
Жаныңа сол батады.
Бірде — шын-ақ телефон,
Бірде болар мұң-қайғы;
Көрші ауылмен сөйлессең,
Көршің бірге тыңдайды.
Сөйлесе қалсаң — телефон,
Жаза қалсаң — фельетон.**

М. ӘХМЕТЖАНОВ

**Қырық беске келсең-дағы, ей, жезде,
Жиырмадағы жігіттейсің кей кезде.
Көшелі де кісідейсің оңды аса,
Әттең шіркін...
 кәселігің болмаса!**

Талай-талай күн өтті,
Талай-талай жыл өтті.
Ал мына бір құрылысқа
Көз тиді,
Әлде тіл өтті —
Бес жыл бойы телміртіп,
Бес жыл бойы жүдетті.
...Қабырғасы қаңқайған,
Бір жағына жантайған,
Шыққан әбден жұлымы,
Бұл — ауылдың клубы.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БҰЛТҰҚАН ҚАЛАСЫ

Қырық шақты оқушы
Қырға қарай беттеді.
Көпіріндей тозақтың,
Өтетұғын өткелі.
Жығылмаса жарады
Әне бір қыз шеттегі.
Жеткізбей-ақ барады
Көрші ауылдың мектебі!
Басшы ағалар бірақ та
Ешбір көмек етпеді.
Бір машина бөлгенмен,—
Шықпай қойды жөндеуден.
Күнде осылай жол жүріп,
Шапқан аттай болдырып.
Қайтсін олар, налып жүр,
Сабақтан да қалып жүр.

**Бір совхозда жанар майды,
Жанар майға қоса
Жағар майды
Көмір орнына жақты.
Сөйтіп,
Үй жылытудың
Бір амалын тапты.
Жанар май
Жайықтың суындай ақты.
«Судың да сұрауы бар» деген,—
Жанар май — су емес қой.
Бір күндері таусылып,
Құрып қалды.
Ал трактор атаулы
Тас төбеден ұрғандай
Тұрып қалды!**

ТҮЙІЛІП ОТЫР?

**Ауылдың бір топ жастары
Ойын қоюға сайланып шықты.
Көлік таппай бірақ та,
Ауылды шыр айналып шықты.
Сонсоң
Басқармадан машина сұрады.
Басқарма:
— Жастарға
Жаяу жүру неге тұрады!
Ертеде өзіміз
Өгіз арбамен де жүргенбіз,
Ойнағанбыз, күлгенбіз...
Машина болса, көрейін.**

**Болмаса,
Қайдан тауып берейін!!—
Деп, жұбатқан болды,
Жан-жақтан машина сұратқан болды.
Жаяу қалған жастар күйініп отыр,
Ал басқарма...
Түйіліп отыр.**

БІРІНШІ БӨЛІМ

Тың далам — туған далам

Туған жер туралы ой	7
Түлеген тың	8
Диқан сөзі	10
Биік болсын тауларың	11
Өзіңсіз, туған жер	—
Сыр	12
Сағыныш	13
Тырналар	14
Қыранмен әңгіме	—
Есіл бойында	15
Қоштасарда	16
<i>Көктем әуендері</i>	
«Көктем келді...»	17
«Күн күлімдеп...»	—
«Май келді тағы да...»	18
Таң	19
Ақын	—
Түнгі аспан	20
Арман	—
Бақыттымын	21
Жолдар... жолдар	22
Болсам деймін	23
Дала перзенті (баллада)	24

ЕКІНШІ БӨЛІМ
Көңілімнің күйлері

Демеңдерші	31
Апама хат	—
Жүремін еске алып	33
Ой толғанысы	34
Аңсау	35
Жаз өтер әлі	36
Әкеммен сырласу	—
Сөзім сәулелері	39
Әке тілегі	44
Судағы сұлу	45
Құрдасқа	—
Сәби ұйқысы	46
Апатай	47
Шахмат тақтасындағы жазу	—
Ауылдан аттанарда	48
Іні сағынышы	—
Жақсы-ау	49
Анама	50
Жақсы жыр жайлы	51
Қос қанатым	—
Бір кеште	54
«Түсіп өң неге көзіме...»	55
«Жол тосқан жандай...»	56
Аққұсым	—
Қыз альбомындағы тілек	57
Тойдағы толғаныс	58
Қара көз	60
Білмедім	61
Сен жоқта	—
Қыздар	62
Сен бе деп қалып	—
Бойдақ жігіттің өзілі	63
Керімбала	—

«Аққудайын аңсаған ақ айдынын...»	64
«Уақытты үнсіз өткіздім...»	—
Шолпан-қыз	65
Элегия	—
Күйші қызға	66
«Сені мен сүйіп едім...»	—
Ән әсері	67
Асыл жан	—
«Өзіңді, жаным, жылатып ала жаздадым...»	68
Аяулы	69
«Кімсің, жаным?...»	71
«Менсіз де күліп...»	—
«Сұрасам ба гүлшоғыңның бір талын...»	72
Жаным десем...	73
Есіңе ал	—
Білсең ғой	74

ҮШІНШІ БӨЛІМ

Көргенімді айтайын ба!...

Кафеде	77
Кітаптың күйі	78
Қайтеді... қайтемін?!	79
Бұра тартты	—
Маскүнемнің моноlogy	80
Телефон — фельетон	81
Жездеге әзіл	—
«Көз тиген» құрылыс	82
Көрші ауылға тартқан «көш»	—
Жанармаймен жылынып	83
Түйіліп отыр	—

ЖУМАГАЛИЕВ МУХАМЕДИЯ

МОЛОДОСТЬ

Стихи

(На казахском языке)

Редактор У. Есдаулетов.
Худ. редактор. Б. Машрапов.
Художник А. Аскаров.
Техн. редактор М. Злобин.
Корректор К. Абдикаримова.

ИБ 1659.

Сдано в набор 20.10.80. Подписано в печать 3.02.81.
УГ21010. Формат 70X100/32. Бум. офсетная № 1. Журнально-
рубленая гарнитура. Офсетная печать. Печ. л. 2,75. Усл. п.
л. 3,6. Уч.-изд. л. 3,1. Тираж 3800 экз. Заказ № 1271. Цена 45 к.
Издательство «Жазушы» Государственного комитета Казахской
ССР по делам издательства, полиграфии и книжной торговли,
г. Алма-Ата, 480046, пр. Абая, 143.

Фабрика книги производственного объединения полиграфиче-
ских предприятий «Кітап» Государственного комитета
Казахской ССР по делам издательства, полиграфии и книжной
торговли, 480046, г. Алма-Ата, пр. Гагарина, 93.

Фотонабор